

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті» КЕАҚ



«КЕЛІСІЛГЕН»

Қарағанды қ.

Химия-биология бағытындағы НЗМ

Якупов Р.М.

«13» 03 2023ж.



«БЕКІТІЛДІ»

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды

университетінің

Басқарма Қолғасы – Ректор

Н.О. Дулатбеков

2023 ж.



«КЕЛІСІЛГЕН»

Ғылыми мамандандырылған

«жасөспірімдер интернаты» КММ директоры

Темерханова Л.А.

«13» 03 2023ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B01503 – Физика

Деңгейі: Бакалавриат

Қарағанды қ.

2023ж.

білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 тамыздағы № 604 бұйрығы «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»
- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы №152 бұйрығы (12.10.2018 берілген өзгерістермен толықтырулармен №563).
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы»
- Педагогтің кәсіби стандарты («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша)
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығы
- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығы.

Мазмұны:

| № | Білім беру бағдарламасының паспорты | Беттер |
|----|--|--------|
| 1 | Білім аймағының коды мен жіктелуі | 4 |
| 2 | Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі | 4 |
| 3 | Білім беру бағдарламалары тобы: | 4 |
| 4 | Кредиттер көлемі | 4 |
| 5 | Оқу түрі | 4 |
| 6 | Оқыту тілі | 4 |
| 7 | Берілетін академиялық дәреже | 4 |
| 8 | БББ түрі | 4 |
| 9 | ББХСС бойынша деңгейі | 4 |
| 10 | ҰБШ бойынша деңгейі | 4 |
| 11 | СБШ бойынша деңгейі | 4 |
| 12 | БББ-ның айрықша ерекше ерекшеліктері | 4 |
| | Серіктес ЖОО (БББ) | 4 |
| | Серіктес ЖОО (ЕДББ) | 4 |
| 13 | Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі | 4 |
| 14 | Аккредитациялық органның атауы және БББ аккредитациясының жарамдылық мерзімі | 4 |
| 15 | БББ мақсаты | 4 |
| 16 | БББ бакалаврдың біліктілік сипаттамасы | 4 |
| а) | Біліктілік пен лауазымдар тізбесі | 4 |
| б) | Кәсіби қызмет саласы мен объектілері | 4 |
| в) | Кәсіби қызмет түрлері | 5 |
| г) | Кәсіби қызметінің функциялары | 5 |
| 17 | 6В01503-«Физика» БББ бітірушінің құзыреттілігі бойынша оқыту нәтижелерін бөлу | 6 |
| 18 | Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау | 7 |
| 19 | Оқыту нәтижелерін қалыптастыру матрицасы | 10 |
| 20 | Сертификациялық бағдарлама (Minor) «Жаратылыстану-математикалық» - 21 кредит | 22 |
| 21 | Модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу | 23 |
| 22 | Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері | 25 |
| 23 | Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі | 27 |

Білім беру бағдарламасының паспорты

1. Білім беру бағдарламасының коды: 6B01503 – «Физика»

2. Білім аймағының және дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі: 6B01 Педагогикалық ғылымдар, 6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау

3. Білім беру бағдарламалары тобы: B010 – Физика бойынша мұғалімдерді даярлау

4. Кредиттер саны: 248 академиялық кредит

5. Оқыту формасы: күндізгі

6. Оқыту тілі: қазақ, орыс.

7. Академиялық дәрежесі: 6B01503 – «Физика» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры.

8. БББ түрі: қазіргі

9. ББХСС бойынша деңгейі: 6 деңгей

10. СБШ бойынша деңгейі: 6 деңгей

11. ҰБШ бойынша деңгейі: 6 деңгей

12. БББ-ның айрықша ерекше ерекшеліктері: жоқ

13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі: Білім саласындағы Бақылау Комитетінің мемлекеттік лицензиясы KZ83LAA00018495, берілген күні: 28 маусым 2020 жыл, № 016.

14. Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі ОП: НКАОКО агенттігінің сертификаты SA №0086 02.04.2018 ж.

15. БББ мақсаты: білім және ғылым саласында кәсіби білімді жүзеге асыруға қабілетті жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.

16. Физика бакалаврының біліктілік сипаттамасы

Біліктілік пен лауазымдар тізбесі: Біліктілік пен лауазымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық сыныптауышына сәйкес айқындалады. «Кәсіптер сыныптауышы» ҚР ҰК 01-2017 (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және әдістемелік комитетінің бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген 11 мамыр 2017 жыл №130). Сонымен қатар:

- «Педагог. Орта мектеп мұғалімі»,
- «Педагог. Колледж оқытушысы»,
- ҒЗИ қызметкері
- білім департаменттерінің мамандары.

Кәсіби қызмет саласы мен нысандары: Кәсіби қызмет саласы білім беру саласында өзінің кәсіби қызметін жүзеге асырады. Бітірушілердің кәсіби қызметінің нысандары:

- мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржыландырудың білім беру мекемелері,
- мектептер,
- лицейлер,
- гимназиялар,

- колледждар,
- техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары.

Кәсіби қызмет түрлері

- а) білім беру (педагогикалық, тәрбие);
- б) ғылыми-зерттеу;
- в) құқық қорғау;
- г) ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- д) мәдени-ағарту

Кәсіби қызметінің функциялары:

- оқыту: кәсіптік қызмет объектілеріне сәйкес білім беру ұйымдарында физиканы оқыту; физика бойынша сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу; физиканы оқыту құралдарымен тәрбие жұмысын жүзеге асыру, өз бетімен білім алуға үйретеді, оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде АКТ және т. б. қол-данады.;
 - тәрбиелеуші: оқу-тәрбие жұмысын заңға, заңдылықтарға, принциптерге, педагогикалық процестің тәрбиелік тетіктеріне сәйкес жүзеге асыру;
 - сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
 - нақты Тәрбие жұмысын шешу;
 - физикадан сыныптан тыс жұмыста оқушыларды тәрбиелеу мен оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерін таңдау және пайдалану;
 - осы сыныпта жұмыс істейтін оқушылар ұжымымен, мұғалімдермен, ата-аналармен қарым-қатынас орнату.
- әдістемелік: білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету, физиканы оқытудың жаңа әдістерін зерделеу, оқу материалдарын әзірлеу, өз біліктілігін арттыру және т. б.;
- зерттеу: ең жақсы соңғы нәтижеге жету үшін қойылған міндеттерді шешудің дұрыс стратегиясын әзірлей білу, физиканы пайдаланумен байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарында заманауи ақпараттық технологияларды қолдану және т. б.;
 - әлеуметтік-коммуникативтік: қабылданған шешімдерді негіздеу және өз позициясын қорғай білу, қойылған міндеттерді шешу кезінде кәсіби қоғамдастықпен және барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасай білу; қойылған мақсаттарды орындау үшін жұмыс топтарын құра білу, осындай топты басқару және олардың құқықтарын қорғау, олардан міндеттерді орындауды талап ету; инновациялық идеяларды ұсыну.

6B01503-«Физика» БББ бітірушінің құзыреттілігі бойынша оқыту нәтижелерін бөлу

| Құзыреттілік түрі | Оқыту нәтижелерінің кодтары | Оқыту нәтижелері (Блум таксономиясы бойынша) |
|--|-----------------------------|--|
| 1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills) | ОН 1 | Біртұтас жүйе және адам ретінде қоғам туралы, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың құқықтық мүдделері, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адам мен табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері, ғылыми зерттеулерді жүзеге асырудың негізгі қағидаттары туралы білімді қолданады. |
| | ОН 2 | Өзінің кәсіби қызметінде қазіргі қоғамның бәсекеге қабілеттілігі, прагматизм, өзара түсіністік, төзімділік және демократиялық құндылықтарының басымдықтарында өзінің азаматтық ұстанымын қолданады. |
| | ОН 3 | Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру және білім беру ортасының жағдайларына қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар, күнделікті тіршілік жағдайында оқушылар ағзасының әр түрлі мүшелері мен жүйелерінің құрылымы, дамуы мен қалыптасуының негізгі ерекшеліктерін қолданады. |
| | ОН 4 | Теориялық білімді практикалық қолдану жазықтығына барабар аудару үшін педагогикалық ғылымның теориялық және әдіснамалық негіздерін қолдануға қабілетті. |
| 2. Сандық құзыреттіліктер: (Digitalskills): | ОН 5 | Оқу процесін ұйымдастырады, жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында педагогикалық шеберлікті жетілдіреді және тәрбие жұмысының заманауи формалары мен әдістерін, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізеді. |
| | ОН 6 | Тиімді коммуникацияны жүзеге асырады, кәсіби терминологияны сауатты қолдана отырып, білім алушылардың тілдік құзыреттерін дамыта алады. |
| | ОН 7 | Жаратылыстану-ғылыми ақпаратты талдау және өңдеу үшін жинау мен түсіндіруді жүзеге асыра отырып, заманауи ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды қолданады. |
| | ОН 8 | Күнделікті есептерді шешу үшін математикалық есептеулер жүргізеді; күнделікті өмірде және еңбек қызметінде кеңінен қолданылатын әртүрлі нысандарда (кестелерде, диаграммаларда, графиктерде) берілген ақпарат негізінде қорытынды жасайды. |
| | ОН 9 | Кәсіби қызметте өндірістік және әртүрлі тәжірибеге бағытталған есептерді шешу үшін математикалық аппаратты қолданады. |
| 3. Кәсіби құзыреттіліктер: (Hardskills) | ОН 10 | Физика саласындағы білім мен түсінікті, физикалық зерттеу әдістерін, физиканың ғылым ретінде техниканың дамуына әсерін, физиканың басқа ғылымдармен байланысын және оның мамандықтың ғылыми-техникалық мәселелерін шешудегі рөлін қолданады. |
| | ОН 11 | Кәсіби деңгейде білім мен түсініктерді қолданады, дәлелдер тұжырымдайды және жаңартылған білім беру мазмұнының принциптері негізінде физиканы оқытуда инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану мәселелерін шешеді. |
| | ОН 12 | Іргелі физикалық заңдар мен теориялар, табиғат пен техникадағы құбылыстар мен процестердің физикалық мәні туралы білім жүйесіне ие және физиканың негізгі заңдарын практикаға бағытталған іс-әрекетте қолданады. |
| | ОН 13 | Бақылау нәтижелерін, соның ішінде астрономиялық бақылау нәтижелеін өңдеу үшін эксперименттік және теориялық физика, заманауи есептеу техникасы және ақпараттық технологиялар бойынша білім мен түсініктерді қолданады. |
| | ОН 14 | Мектептегі физика курсының бөлімдерін оқыту әдістемесінің теориялық және практикалық негіздерін және физикалық экспериментті (зертханалық, демонстрациялық, компьютерлік) ұйымдастыру және қою дағдыларын меңгерген. |
| | ОН 15 | Білім беру міндеттерін қоюға қабілетті, оқушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сабақты жоспарлауды жүзеге асырады, оқытудың тиісті әдістемелерін, бағалау құралдарын айқындайды, дидактикалық материалдарды әзірлейді. |

Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

| Оқыту нәтижелерінің кодтары | Модульдің атауы | Пәннің атауы | Сағат көлемі (ECTS) |
|-----------------------------|---|--|---------------------|
| ОН 2 | Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері | Қазақстан тарихы (ME) | 5 |
| ОН 2 | | Философия | 5 |
| ОН 1, 2 | | Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | 5 |
| ОН 1, 10 | | Ғылыми зерттеу негіздері | |
| ОН 1, 2 | | Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері | |
| ОН 1, 2 | | Қолданбалы бизнес | |
| ОН 1 | Әлеуметтік-саясаттану білім модулі | Саясаттану, Әлеуметтану | 4 |
| ОН 2 | | Мәдениеттану, Психология | 4 |
| ОН 7 | Ақпараттық-коммуникативтік | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | 5 |
| ОН 6 | | Орыс тілі | 10 |
| ОН 6 | | Шетел тілі | 10 |
| ОН 1, 3 | | Дене шынықтыру | 8 |
| ОН 3, 4 | Кәсіби | Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы | 5 |
| ОН 4, 5 | | Педагогика | 5 |
| ОН 4, 5 | | Білім берудегі менеджмент | 5 |
| ОН 3, 4 | | Инклюзивті білім беру | 5 |
| ОН 4, 5 | | Тәрбие жұмысының әдістемесі | 5 |
| ОН 4 | | Оқу | 1 |
| ОН 4 | | Оқу | 1 |
| ОН 4 | | Педагогикалық | 4 |
| ОН 7, 13 | Жаратылыстану – математикалық (Minor) | Компьютерлік графика және анимация | 5 |
| ОН 7, 13, 14 | | Физикадағы компьютерлік әдістер | |
| ОН 8, 9, 15 | | Логикалық есептерді шешу әдісі | 5 |
| ОН 8, 9 | | Математикалық сауаттылық негіздері | |
| ОН 10, 12 | | Элементар физика | 5 |

| | | | | |
|---------------|--|---|--|---|
| ОН 8, 9 | | Элементарлық математика | | |
| ОН 8, 9, 15 | | Математиканы оқыту әдістемесі | 6 | |
| ОН 10, 12, 14 | | Физиканың дәстүрлі емес бөлімдерін оқыту әдістемесі | | |
| ОН 8, 9 | Іргелі | Математика 1 | 5 | |
| ОН 7, 8, 9 | | Аналитикалық геометрия және сызықтық алгебра | | |
| ОН 7, 8, 9 | | Математикалық талдау | 5 | |
| ОН 8, 9 | | Математика 2 | | |
| ОН 10, 12 | | Механика | 5 | |
| ОН 10, 12 | | Молекулалық физика | 5 | |
| ОН 10, 12 | | Электр және магнетизм | 6 | |
| ОН 10, 12 | | Оптика | 6 | |
| ОН 10, 12 | | Ядро және элементар бөлшектер физикасы | 5 | |
| ОН 10, 12 | | Атом және атом ядросының физикасы | | |
| ОН 12, 13 | | Астрономия | 5 | |
| ОН 10, 13 | | Космология негіздері | | |
| ОН 8, 13 | | Теориялық физика негіздері | 5 | |
| ОН 8, 13 | | Кванттық механика | | |
| ОН 7, 8 | | Ақпаратты цифрлық өңдеу негіздері | 5 | |
| ОН 11, 14 | | Физика бойынша виртуалды зертханалық жұмыстар | | |
| ОН 7, 13 | | Радиоэлектроника бойынша практикум | 4 | |
| ОН 12, 13 | | Цифрлық электроника негіздері | | |
| ОН 2, 6 | | Оқыту технологиялары | Кәсіби қазақ тілі | 4 |
| ОН 6, 12 | | | Физиканың мектептегі курсының терминологиясы | |
| ОН 12, 14, 15 | Физиканы оқыту әдістемесі | | 6 | |
| ОН 11, 14 | Мектеп экспериментінің техникасы | | 5 | |
| ОН 10, 12, 14 | Физика есептерін шығарудың әдістемелік негіздері | | 8 | |
| ОН 11, 12, 14 | Физиканы оқыту теориясы мен әдістемесі бойынша практикум | | 5 | |
| ОН 4, 5 | Педагогикалық шеберлік | | 5 | |
| ОН 5, 11, 15 | Мектептегі оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық технологиялары | | | |

| | | | |
|---------------|-----------------------|--|----|
| ОН 12, 14 | | Физика бойынша мектеп практикумы | 6 |
| ОН 12, 14, 15 | | Орта мектепте физикадан демонстрациялық экспериментті ұйымдастыру және өткізу әдістемесі | |
| ОН 4, 15 | | Бағалаудың өлшемдік технологиялары | 5 |
| ОН 5, 11 | | Орта білім берудің жаңартылған мазмұнының технологиялары | |
| ОН 4 | | Оқу | 1 |
| ОН 5, 15 | | Педагогикалық | 20 |
| ОН 5, 15 | | Дипломалды | 3 |
| ОН 4, 5, 15 | Қорытынды аттестаттау | Қорытынды аттестаттау | 8 |

Оқыту нәтижелерін қалыптастыру матрицасы

| NN | Пәндер атауы | Пәннің қысқаша мазмұны (30-40 сөздер) | Кредит саны | Оқыту нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|--|---|-------------|---------------------------|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|------|------|------|------|------|------|--|
| | | | | ОН1 | ОН2 | ОН3 | ОН4 | ОН5 | ОН6 | ОН7 | ОН8 | ОН9 | ОН10 | ОН11 | ОН12 | ОН13 | ОН14 | ОН15 | |
| Жалпы білім беру циклы Таңдау компоненті | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D1 | Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | Білім алушылардың құқықтық тәрбие, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және құқықтық сана бойынша білімі мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс Қазіргі заманғы құқықтың негізгі салаларын оқуға, ҚР заңнамасын түсінуге, сыбайлас жемқорлық құбылыстарын сыни талдауға және осы құбылысқа қатысты өзінің азаматтық ұстанымын әзірлеуге арналған. | 5 | + | + | | | | | | | | | | | | | | |
| | Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері | Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың теориялық заңдары мен заманауи тәсілдері қарастырылады. Курс төтенше жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін зерттеуге, антропогендік әрекеттің жағымсыз әсерлерінің дамуын болжауға арналған. | | + | + | | | | | | | | | | | | | | |
| | Қолданбалы бизнес | Идеяларды генерациялаудан, құнды ұсыныстарды құрастырудан, нарықты зерттеуден, тұтынушыны, ресурстарды анықтаудан бастап, дайын стартап жобаның тұсаукесеріне дейін жеке бизнесті құру мен жүргізудің экономикалық негіздері саласында білімді қалыптастыру, сондай-ақ бизнес теориясы мен практикасын зерделеу негізінде тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. | | + | + | | | | | | | | | | | | | | |
| | Ғылыми зерттеу негіздері | Ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мақсатында зерттеледі. Курс шеңберінде қоғамдық қатынастар жүйесіндегі ғылымның орны, ғылыми танымның әдістері мен деңгейлері, ғылыми зерттеуді іске асырудың негізгі кезеңдері қарастырылады. | 5 | + | | | | | | | | | + | | | | | | |
| Базалық пәндер циклы ЖОО компоненті | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D2 | Оқушылардың анатомиясы, | Курстың мақсаты оқушылардың ағзасының өсуі | 5 | | | + | + | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|----|-----------------------------|--|---|--|--|--|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | физиологиясы және гигиенасы | мен дамуының жалпы заңдылықтары; орталық жүйке жүйесі мен жоғары дәрежелі жүйке жүйесінің физиологиясы; висцеральдық жүйелердің жас ерекшеліктері; негізгі тіршілік функцияларды реттеу принциптерінің тұрақтылығы; мектеп оқушылары ортасының гигиеналық бағалау әдістері; күнделікті жұмыстың және оқу үдерісі ұйымдастырылуының гигиеналық негіздері. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D3 | Педагогика | Тұтас педагогикалық процестің мәні, оның мазмұны, ұйымдастыру принциптері, нысандары, әдістері, білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудағы субъектілік өзара әрекеттесу құралдары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруда студенттердің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға және кәсіби бағдарын дамытуға арналған. | 5 | | | | + | + | | | | | | | | | | |
| D4 | Білім берудегі менеджмент | "Білім берудегі Менеджмент" курсы білім беруді басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеуге арналған. Курс Қазақстан Республикасында және шетелде қазіргі кезеңде білім беру жүйесін дамыту үрдістері мен стратегиялары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Осы курс шеңберінде білім беру ұйымын басқару әдістері мен нысандарына, білім беру ұйымындағы басқарудың жалпы қағидаттарына, тұтас педагогикалық процесті жоспарлау мен мониторингті ұйымдастыруға, педагогикалық ұжымды басқару проблемаларына байланысты мәселелер қарастырылады. | 5 | | | | + | + | | | | | | | | | | |
| D5 | Инклюзивті білім беру | Курс заманауи білімдегі тенденциялардың бірі ретінде инклюзивті білім беру туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Әлемдік тәжірибе негізінде инклюзивті жағдайларды ұйымдастырудың әдістемелік мәселелері; ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны; инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын педагогтердің құзыреттілік талаптары қарастырылады. | 5 | | | | + | + | | | | | | | | | | |
| D6 | Тәрбие жұмысының әдістемесі | Курс болашақ мұғалімдердің студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысының теориясы, әдістері мен технологиялары туралы білімдерін қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Мектептің | 5 | | | | + | + | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|-----------------------|--|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | оқу-тәрбие үрдісі біртұтас педагогикалық процестің құрамдас бөлігі ретінде, мұғалімнің сыныпта және мектепте оқушылармен жүргізетін тәрбие жұмысын жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру туралы сұрақтар қарастырылады. | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D7 | Механика | Курс негізгі заңдар туралы білім жүйесін қалыптастыру және оларды келесі негізгі тақырыптар бойынша мәселелерді шешуде қолдана білу мақсатында оқытылады: нүкте мен қатты дененің кинематикасы; салыстырмалылық принципі; материалдық нүкт динамикасы; қатты дене динамикасы; статика; инерциялық емес санақ жүйелері; релятивистік механика; сұйықтықтар мен газдар механикасы; тұтас ортадағы толқындар. | 5 | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D8 | Молекулалық физика | Курс негізгі заңдар туралы білім жүйесін қалыптастыру және оларды келесі тақырыптар бойынша мәселелерді шешуде қолдана білу мақсатында оқытылады: денелердің физикалық қасиеттерін молекулалық құрылымы негізінде қарастыру; идеал газдардың молекулалық-кинетикалық теориясы; статистикалық әдіс; молекулалардың жылдамдық бойынша Максвелл таралуы; термодинамиканың бірінші және екінші бастамалары; тасымалдау құбылыстары; нақты газдар; сұйықтықтар мен қатты денелер; фазалық тепе-теңдік және фазалық ауысу негіздері. | 5 | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D9 | Электр және магнетизм | Курс негізгі ұғымдар мен іргелі заңдар туралы нақты түсініктерді қалыптастыру, оларды есептерді шешуде қолдана білу, эксперимент жүргізу дағдыларын қалыптастыру мақсатында келесі тақырыптар бойынша оқытылады: электростатика; тұрақты электр тогы; магнитостатика; әр түрлі ортадағы электр тогы; электромагниттік индукция және Максвелл теңдеулері; айнаымалы ток; электромагниттік толқындар. | 6 | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D10 | Оптика | Курс негізгі заңдар туралы білім жүйесін қалыптастыру және оларды келесі тақырыптар бойынша мәселелерді шешуде қолдана білу мақсатында оқытылады: Фотометрия. Жарықтың электромагниттік теориясы. Жарық толқындарының кедергісі. Жарық дифракциясы. Жарықтың поляризациясы. Сәулеленудің затпен әрекеттесуі. Дисперсия. Жарықтың жұтылуы мен шашырауы. Сәулелену түрлері. Жылу сәулесі және оның сипаттамалары. Оптикалық құбылыстарды | 6 | | | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|------------------------------------|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | математикалық сипаттаудың негізгі принциптері; оларды практикалық қолдану мысалдары. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Базалық пәндер циклы Таңдау компоненті | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D11 | Компьютерлік графика және анимация | Курс графикалық ортамен жұмыс істеу негіздері: интерфейстің ерекшеліктері, үш өлшемді кеңістікті бейнелеу, модельдеу дәлдігін қамтамасыз ету, файлдармен жұмыс істеу, сахнаның геометриялық моделін құру, нысандарды редакциялау және түрлендіру, материалдарды жасау және тағайындау, сахнаны визуализациялау және анимациялау дағыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. | 5 | | | | | | | | | | | | | | | |
| | Физикадағы компьютерлік әдістер | Курс физикалық есептерді сандық модельдеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. физикалық процестерді суреттеу, физикалық есептерді шешуде сандық әдістерді қолдану. механика, электр және статистикалық физика есептеріндегі сандық эксперимент. Компьютерлік экспериментті құру және жүргізу әдістері, қарапайым дифференциалдық теңдеулер жүйесін сандық интеграциялау. Тербелмелі жүйелердің фазалық портреттерін құру, электр заряды жүйесінің өрістерін визуализациялау және т. б. мәселелері. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D12 | Логикалық есептерді шешу әдісі | Курс логикалық есептерді шешудің әртүрлі әдістерін білу және түсіну және жауап алудың ең жылдам және қарапайым әдісін таңдау үшін әр жағдайда қай әдіс жақсы болатынын анықтау мүмкіндігін қолдана білу мақсатында оқытылады. Курстың мазмұны: қоспалар мен ерітінділерге арналған есептер; мәтіндік есептердің типтері; натурал сандар арасындағы арақатынасқа арналған есептер, теңдеулер құрастыру, жұмысқа және өнімділікке, қозғалысқа арналған есептер; диаграмма түрінде сандық деректерді көрнекі ұсыну; комбинаторлық есептер; геометриялық есептердің құрастырылуы. | 5 | | | | | | | | | | | | | | | |
| | Математикалық сауаттылық негіздері | Курс математикалық есептерді шешудің негізгі әдістерін, математикалық сауаттылыққа арналған есептерді шеше білу және түсіну мақсатында оқытылады. Қарастырылатын сұрақтар: Пайыздар. Сандар. Комбинаторика. Ықтималдылық. Статистика. Логикалық есептер. Функциялар. Статистикалық мәліметтердің, кестелердегі, диаграммалардағы, графалардағы мәліметтерді | | | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|---|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | математикалық өңдеу. Модульдерден тұратын теңсіздіктер. Берілген жағы бар торлардан тұратын фигуралардың бұрыштық, сызықтық, квадраттық өлшемдерін табу. Математикалық индукция принципін қолдану. | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D13 | Элементар физика | Пән жалпы физика бойынша сапалы білім алуға дайындығын арттыру үшін физиканың мектеп курсы түсінуді және тереңдетіп оқытуды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Физиканың барлық бөлімдерін терең зерттеу үшін физиканың барлық бөлімдері үшін маңызды жалпы заңдарға, құбылыстарға баса назар аударылады. Курста физиканың барлық бөлімдері бойынша теориялық, практикалық материалдармен қатар, Халықаралық Бірліктердің жүйесі, терминдер, физикалық шамалардың мемлекеттік стандартқа сәйкес белгіленуі қарастырылады. | 5 | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | Элементарлық математика | Курс мектеп математикасының теориялық негіздерін және есептерін шешудің негізгі әдістерін білу және түсіну мақсатында оқытылады. Мазмұны: Математиканы оқытудағы есеп шығарудың орны мен ролі. Мектеп математикасы курсына мазмұнды есептер. Мектеп курсына есептерді шығару үрдісінің құрылымы. Есептерді шығарудан алдын ала жүргізілетін жұмыстар. Есептерді шығару жоспарын құру әдістері. Есептің семантикалық талдауы. | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D14 | Математиканы оқыту әдістемесі | "Математиканы оқыту әдістемесі" пәні білім алушыларда математиканы оқытудың міндеттері, мазмұны мен әдістері, тиімділігі мен сапасын арттыру тәсілдері туралы түсінік қалыптастыру, математикалық білім беру, математиканы оқыту және әртүрлі жас топтарын оқытудың мақсаттарына сәйкес оны дамытудың белгілі бір деңгейінде математикалық тәрбиелеу мәселелерін зерттеу мақсатында оқытылады. | 6 | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | Физиканың дәстүрлі емес бөлімдерін оқыту әдістемесі | Курс физиканы саралап оқыту формалары, әр түрлі профильдегі сыныптарда физиканы оқыту ерекшеліктері; бейіндік оқыту және бейіналды дайындық негіздері: әр түрлі бағыттағы элективті курстар арқылы білім мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курста келесі мәселелер қарастырады: бағдарламалардың мазмұны, құрылу ерекшеліктері, сабақтарды өткізу әдістемелері; жаратылыстану-математикалық | | | | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|--|---|---|--|--|--|--|--|--|---|---|---|--|--|--|--|---|---|
| | | бағыттағы 10-11 сыныптар үшін "Физика" пәні бойынша білім беру мазмұны; физиканы оқыту әдістемесінің жеке мәселелері: механика, молекулалық физика, электродинамика, кванттық физика бөлімін зерттеу әдістемесі. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D15 | Аналитикалық геометрия және сызықтық алгебра | Курс жоғары математиканың бөлімдері бойынша жүйеленген білім мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру және типтік есептерді шешу мақсатында оқытылады. Келесі негізгі тақырыптар бойынша: векторлық алгебра, жазықтықтағы және кеңістіктегі аналитикалық геометрия, екінші ретті қисықтар. матрицалар мен анықтауыштар, сызықты алгебралық теңдеулер жүйесі, кешенді сандар, бір айнымалыдан көпмүшелер, топтар, сақиналар, өрістер, сызықтық кеңістіктер және ішкі кеңістіктер. | 5 | | | | | | | + | + | + | | | | | | |
| | Математика 1 | Курс келесі негізгі тақырыптар бойынша типтік есептерді зерттеу және шешудің жүйелендірілген білімдері мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады: дифференциалдық теңдеулердің геометриялық және физикалық мәні және оларды шешу; Коши есебі; бірінші ретті дифференциалдық теңдеулер, оларды шешу әдістері; қисық сызықты интегралдың кейбір қосымшалары; жоғары ретті сызықтық дифференциалдық теңдеулер; Эйлер әдісі. | | | | | | | | | + | + | | | | | | |
| D16 | Математика 2 | Оқу пәнін оқыту студенттердің математикалық ұғымдар мен конструкциялар туралы түсініктерін қалыптастыруды көздейді, бұл олардың қолдану мүмкіндіктерінің кең ауқымын қамтамасыз етеді. Терең зерттеуге арналған тақырыптар: шектер теориясы, бір және бірнеше айнымалы функциялардың дифференциалдық және интегралдық есептеулері, меншіксіз интегралдар және олардың жинақтылығы. | 5 | | | | | | | | + | + | | | | | | |
| | Математикалық талдау | Бұл пәннің мақсаты – математикалық білімнің басқа салаларында және жаратылыстану мазмұнының пәндерінде пайдалану үшін талдаудың математикалық аппаратының негіздерінің теориялық білімдері мен практикалық дағдыларының жүйесін қалыптастыру; шектер теориясының негізгі ұғымдарымен және әдістерімен, нақты айнымалылар функцияларының дифференциалдық және интегралдық есептеулерімен таныстыру. | | | | | | | | + | + | + | | | | | | |
| D17 | Астрономия | Курс ғаламның құрылымы және ғарыш | 5 | | | | | | | | | | | | | | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|--|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|---|--|--|--|---|---|--|
| | | денелерінің қозғалыс заңдары туралы жалпы түсініктерді қалыптастыру мақсатында оқытылады; ғарыш объектілерінің табиғатын түсіндіру үшін физика заңдарын қолдану, аспан денелерінің қозғалысын бақылау және сипаттау; бақылау аппаратурасын қолдана отырып, ғарыштық денелерді анықтау және түсіндіру үшін дағдыларды қолдану білігі. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | Космология негіздері | Курс бізді қоршаған әлемнің құрылымы мен құрамы туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі: Күн жүйесінен ғаламның байқалатын шекарасына дейін; температура, масса және радиус сияқты жұлдыздардың негізгі параметрлерін анықтау әдістері туралы негізгі ақпарат алу; жұлдыздардың параметрлері арасындағы тәуелділікті зерттеу: диаграмма. | | | | | | | | | | + | | | | + | | |
| D18 | Атом және атом ядросының физикасы | Курс негізгі заңдар туралы білім жүйесін қалыптастыру және оларды келесі тақырыптар бойынша мәселелерді шешуде қолдана білу мақсатында оқытылады: Электромагниттік толқындардың корпускулалық қасиеттері. Корпускулалардың толқындық қасиеттері. Атом күйлерінің дискреттілігі. Гейзенбергтің анықталмағандық принципі. Толқындық функция. Шредингер теңдеуі. Сутегі атомы. Кванттық статистика және оларды қолдану. Қатты денелердің аймақтық теориясы. Жартылай өткізгіштер. Байланыс құбылыстары. Ядро және элементар бөлшектер физикасының элементтері. | 4 | | | | | | | | | + | | | | + | | |
| | Ядро және элементар бөлшектер физикасы | Курс негізгі заңдар туралы білім жүйесін қалыптастыру және оларды келесі тақырыптар бойынша мәселелерді шешуде қолдана білу мақсатында оқытылады: Атом ядросының құрамы және негізгі қасиеттері, ядролық күштер, ядролық модельдер, орнықсыз ядролар, ядролық реакциялар, дозиметрия негіздері, элементар бөлшектер физикасының элементтері. Заттың конденсацияланған күйі, кристалдық торлардың типтері, қатты денелердің жылу және электр қасиеттері, қатты дененің аймақтық теориясының элементтері, кванттық статистика, кристалдардағы кинетикалық құбылыстар. | | | | | | | | | | + | | | | + | | |
| D19 | Кванттық механика | Пәннің оқыту мақсаты: студенттерге микродүние заңдылықтары жөнінде түбегейлі түсініктерін қалыптастыру, табиғаттағы кванттық заңдылықтарға бағынатын құбылыстар туралы | 5 | | | | | | | | | + | | | | | + | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|---|---|---|--|--|--|--|--|---|---|--|---|--|--|---|--|--|
